Бекітемін
«Гүл-Қуан-2» балабақшасы
меңгерушісі Елубайқызы Г
«01» 09 2026 жыл

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың қаржылық сауаттылығын қалыптастыру жоспары

№	Іс-шаралар	Өткізу түрлері	Мерзімі	Жауаптылар
1	«Ақша дегеніміз не?» – ақша туралы бастапқы түсінік қалыптастыру, тиындар мен қағаз ақшаны ажыратуға және ұқыпты пайдалануға үйрету	Танымдық әңгіме, дидактикалық ойындар	Қыркүйек	Ересек, мектепалды топтары
2	«Дүкенге барамыз» – тауар таңдау, бағасын салыстыру, сатып алу және төлем жасау туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру	Сюжетті-рөлдік ойын «Дүкен»	Қазан	Ересек, мектепалды топтары
3	«Еңбек етсең – табысқа жетесің» – еңбек пен табыстың байланысын түсіндіру, әртүрлі мамандықтардың еңбегін бағалауға тәрбиелеу	Сюжетті-рөлдік ойын, мамандықтар әлемі	Қараша	Ересек, мектепалды топтары
4	«Қажет және қажет емес» – қажетті заттар мен қалау бойынша алынатын заттарды ажырату, дұрыс таңдау жасауға үйрету	Жағдаяттық ойын, суреттермен жұмыс	Желтоқсан	Ересек, мектепалды топтары
5	«Үнемшіл бала» – ақша, су, электр энергиясы, қағаз және басқа ресурстарды үнемдеудің маңызын түсіндіру	Ойын, практикалық тапсырмалар	Қаңтар	Ересек, мектепалды топтары
6	«Менің қоржыным» – ақша жинау, жоспарлау және мақсатқа жету туралы бастапқы түсініктер қалыптастыру	Ойын-жоба, жинақтау тапсырмалары	Ақпан	Ересек, мектепалды топтары
7	«Ақша әлеміне саяхат» – тауар, баға, сатып алушы, сатушы ұғымдарын бекіту және қарапайым қаржылық жағдаяттарды шешу	Қаржылық квест	Наурыз	Ересек, мектепалды топтары
8	«Отбасылық бюджет» – отбасы мүшелерінің еңбегі, ортақ қажеттіліктер және қаражатты жоспарлау туралы жас ерекшелігіне сай түсінік қалыптастыру	Отбасылық ойын, практикалық тапсырма	Сәуір	Ересек, мектепалды топтары, ата-аналар
9	«Кішкентай қаржыгер» – жыл бойы меңгерген қаржылық сауаттылық дағдыларын бекіту: таңдау жасау, үнемдеу, жоспарлау және ақшаны ұқыпты пайдалану	Қорытынды ойын-саяхат, танымдық сайыс	Мамыр	Ересек, мектепалды топтары

Scanned with CamScanner